

**Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің
қалыптасу тарихына қысқаша түсінік
Студенттерді сабақ беру әдістемесіне
дайындаудың жүйелері**

**Биология пәнін оқытудың мақсаты міндеттері,
құрылымы**

**Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің басқа
пәндермен байланысы.**

Орындаған: Укен Ж.
Тексерген: Уршеева Б.

Жоспар:

- Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің қалыптасу тарихына қысқаша түсінік
- Студенттерді сабақ беру әдістемесіне дайындаудың жүйелері
- Биология пәнін оқытудың мақсаты міндеттері, құрылымы
- Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің басқа пәндермен байланысы

Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің қалыптасу тарихы

- Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің жеке пән болып қалыптасуы XVII ғасырдан басталады. 17 ғасырдың аяғында 18 ғасырдың басында ежелгі Ресейде зиялы мектептер ең алғаш рет пайда бола бастады. Сауаттылыққа үйретумен қатар жаратылыстану жайлы мәліметтер беріле бастады.

1724 жылы **I Петр** Петербург академиясының негізін салды. 18 ғасырдың аяғында академияның зерттеулерінің нәтижелері өзінің алғашқы жемісін бере бастады. Жаратылыстану саласынан көптеген ғылыми жаңалықтар ашыла бастады. Қалаларда 2 жылдық, бесжылдық халық училищелері ашылып жастарды оқыта бастады.



- Сабақ беруге ең бірінші **Владимир Федорович Зуев** шақырылып, 1786 жылы өзінің бірінші оқулығын жазып шығарды. **«Начертание естественной истории»**. Ол оқулық екі бөлімнен, үш тараудан тұрды. Сондықтанда, академик В.Ф.Зуев биологияны оқыту әдістемесінің отандық негізін қалаушы деп аталып кетті.





- Одан әрі қарай биологиядан білім беру саласына басқада педагог – жаратылыстанушылар келе бастады. Солардың арасынан ерекше атап өтуге тұрарлығы **Александр Яковлевич Герд** .

Бұл ғалым ХІХ ғасырдағы ең ірі жаратылыстанудан әдіскер деп тарихта атағы қалды. Идеясының ерекшелігі дамыта оқыту жайлы пікірі дәл қазіргі кездегі талапқа сай деуге болады.

Александр Яковлевич Гердтің дамыта оқыту пікірі:

- Оқушыларға табиғат жайлы оқу материалын түсіндіруді эволюциялық тұрғыдан мазмұндау арқылы дүниеге көзқарасын дұрыс қалыптастыру
- Тірі ағзаларды оқуды төмен мен жоғары қарай яғни қарапайымнан күрделіге қарай оқытуды енгізу
- Оқушының білім алуына қойылатын басты талап өз бетімен іздеп-тапқылығын дамыту
- Оқушыға білім беру үшін түсініктемелік – іздеп-тапқық әдістерін үйрету
- Бұрынғы алған білімдеріне сүйеніп оқыту
- Биологияны оқыту барысында тірі табиғатпен байланысты күшейтуге бағыттау (экскурсия, практикалық жұмыстар, демонстрациялау)
- Герд «триадасы» бастауыш сыныптарында «жер, ауа, су жайлы» мәліметтерді түсіндіру т.б


- 20 ғасырдың алғашқы жылдарында жаратылыстану саласынан мектеп оқушыларына білім беруде прогрессивтік өзгерістерге ауысқанын байқауға болады.
- Сол кездегі алдыңғы қатардағы методист әдіскерге немістің педагогы **Ф.Юнгені** жатқызуға болады. Ол табиғатты арнаулы экскурсия өткізу арқылы зерттеп оқытуды ұсынды. Бұл идеяны орыс методисттері **В.В.Паловцев, Д.Н.Кайгородов** белсенді жүргізе бастады.



Екатерина Федоровна
Юнге

Эдуард Андреевич
Юнге

- **1907 жылы Валериан Викторович Половцев «Основы общей методики естествознания»** атты биоценологиялық кітап жазды. Ол ең алғаш рет «биологиялық әдіс» идеясын яғни жаратылыстануды оқытуды биологиялық әдіс арқылы оқу материалдарын тандап сұрыптай мазмұнмен құруды ұсынды. Бұл әдіс жаратылыстануды экологиялық тұрғыдан түсіндіруге бағытталған. Ол оқу материалдарын ауροэкологиялық және синэкологиялық мазмұндауды және мектеп оқулығына биогеоценология жайлы енгізуді ұсынады.




Студенттерді сабақ өткізу әдістемелеріне дайындаудың жүйелері

Жоғары оқу орнына педагог мұғалім мамандығына түскен студенттерді болашақ биолог мұғалім дайындау жүйесіне оқу жоспары бойынша мыналар кіреді:

- 1 кредиттік дәрістер циклі
- 2 кредиттік практикалық лабораториялық сабақ
- Мектеп қабырғасында өтетін педагогикалық практика (10 апталық)
- Курстық жұмыс
- Диплом жұмысы 8 семестрде және мемлекеттік емтихан.

Осы жоғарыда көрсетілген 5 түрлі талап биолог-педагог мамандар дайындаудың басты жүзесі болып табылады.


«теориясыз педагогикалық практика,
адам емдеудегі балгерлермен тең» К.
Д.Ушинский



Егер мұғалімнің теориялық білімі жетіспесе ашық тұрған есікке басып кіргенге ұқсайды. Әдістеменің теориялық негізін түсінбей, оның басқа құндылығынан айырылып қалады.

Биологияны оқыту пәнінің құрылымы, ерекшелігі, мақсаты

- ❑ **Биологияны оқыту әдістемесі пәніні** – биологиядан айырмашылығы әдістеме органикалық дүниенің даму заңдылықтарына аса көңіл бөлмейді. Ол білім беру үрдісінің педагогикалық заңдылықтарын зерттейді.
- ❑ Педагогика ғылымының бір саласы есебінде, биологияны оқыту әдістемесі пәніде қоғамдық ғылым саласына жатады.
- ❑ Сондықтанда биологияны оқыту әдістемесі пәні – қоғамдық пән; педагогика мен дидактикадан таралған жеке пән; бұл жастарға білім беру үрдісін жан-жақты үйрететін ғылым саласы.
- ❑ Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің тағыда бір ерекшелігі өсімдіктер, жануарлар, бактерия, адамдар іспетті нақты объектілерді табиғаттағы күрделі құбылыстарды (фотосинтез, тынысалу, қоректену, көбею т.б.) тіршілік тіршілік деңгейлерін (молекулалы, жасушалы, ұлпа, ағзалар, популяция, түр, биосфера) зерттейді.
- ❑ Әрине осылардың барлығын зерттеп білу үшін арнаулы материалды базасы керек (биология кабинеті, тірі бұрыш, оқу участогі, т.б.). Сондықтанда бұл оқыту пәнінің өзіне тән ерекшелігі нақты, мазмұнды болуын талап етеді. .



Жалпы биологиялық әдістеме студенттерге ұсынылған дәрістер, барлық биология тарауларын оқыту тәсілдерін қарастырады. Ол жеке оқыту әдістемелерімен тығыз байланыста болады.

Биологияны оқыту әдістемесі бес блок - тараудан тұрады.

- Блок биологиялық түсініктер (мазмұны)
- Блок оқыту әдіс-тәсілдері
- Блок оқытуды ұйымдастыру түрі
- Блок материалдық базасы
- Блок бақылау және білімін бағалау

Осы көрсетілген блоктарды тиімді іске асыра отырып биологияны оқыту әдістемесінен жоғары сапалы білім беруге болады

Биологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері

- ❑ Студенттерді білім берудің тәрбиелеудің, оны дамытудың теориялық негізімен қатар практикалық ерекшеліктерімен қарастыру.
- ❑ Ғылымдағы қаралған оқу мазмұндарына шығармашылық талдау және тиімді, ұтымды пайдаланумен қатар, алдыңғы жаңашыл мұғалімдердің тәжірбиелеріне тұжырымдар жасау.
- ❑ Сабақ өткізу үшін оқу материалын саралап, өңдеп оның мазмұнын, көлемін рет ретімен орналастырып, оқушыларға түсінікті тілмен баяндау.
- ❑ Сабақтың тақырыбына сәйкес тиісті көрнекі құралдарды саралай, дайындай, тиімді әдіс-тәсілдерін, формаларын пайдалану.
- ❑ Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген нұсқауларды іске асыру үшін студент оқыту әдістемесінен биология пәнін терең білуі тиіс.
- ❑ Оқулықтың мазмұны, құрылымын зерттеп, бағдарламалармен салыстырып қарастыру керек.
- ❑ Әртүрлі типтегі сабақтарды жоспарлап, ұйымдастырып өткізу және лабораториялық сабақтар табиғатқа саяхат т.б. әртүрлі сыныптан тыс, сабақтан тыс (рольдік ойындар, конференция).

Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің басқа пәндермен байланысы

- БОӘ
 - Биология
 - Дидактика
 - Психология
 - Педагогика
 - Химия
 - Физиология
 - география